

ӘОЖ 81'373; 001.4

Г.Б. Кутжанова
 әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2-курс магистранты, Қазақстан, Алматы қ.
 E-mail:gulsaya_89_89@mail.ru

Бағалау түрлері

Қазіргі тіл ғылымында бағалауды топтастырудың түрлері көп. Біз соның ішіндегі біршама тұрақталған түрлеріне тоқталып өттік. Жалпы және жеке бағалаушытық мағынаның өз ішінен бөлінген түрлерінің бір-бірінен айырмашылығын ашуға тырыстық. Жалпы бағалауға қатысты объектілердің тақырыптық қатарын үш топқа бөліп қарастырдық. Жалпы бағалауды білдіретін лексемалар баға сипатына, мөлшеріне, субъективті бағалау құралдарының болу, болмауына байланысты топтастырылады. Жеке бағалаушы үшін ең негізгісі – бағалаушытың себебі. Жалпы бағалаушықа қарағанда жеке бағалаушытың объектісінің бағалайтын қасиеттері тар. Жалпы бағалаушыта бағаланатын объектіні жан-жақты жағымды, жағымсыз тұрғыдан саралап, субъекті баға бере алады. Ал жеке бағалаушыта объектіні дара, жеке қасиеттеріне қарап бағалайды.

Түйін сөздер: баға, бағалау, жалпы және жеке бағалаушытық мағына.

G.B. Kutzhanova
Types of valuation

This article deals with the type of valuation. There are many classifications of estimates that are based on different criteria. In modern linguistic science presents a number of estimates, the most common is the unit assessments and rational emotive. The classification assessments under the functional approach based on the principles of functionality and comparative. H.fon Wright classifies the type of evaluation and the estimated object semantics combination *obscheotsenochnymi* adjectives «good» and «bad». However, he points out the following types of assessments: instrumental (a good knife), technical (good driver), medical, including items such as the eyes, heart, memory, implying utilitarian fitness, useful for certain purposes: (a good plan), hedonistic (good taste), favor (good deed).

Keywords: valuation, appreciate, general and private valuation.

Г.Б. Кутжанова
Виды оценки

В статье рассматриваются виды оценки. Существует множество классификации оценок, которые основываются на различных критериях. В современной лингвистической науке представлен целый ряд оценки, при этом наиболее общепринятым является подразделение оценок на эмоциональные и рациональные. В основе классификации оценок в рамках функционального подхода лежат принципы функциональности и компаративности. Х.фон Вригт производит классификацию оценок по типу оцениваемого объекта и семантики сочетаний с *общеоценочными* прилагательными «good» и «bad». При этом он выделяет следующие разновидности оценок: инструментальное (хороший нож), техническое (хороший шофер), медицинское, включающее такие объекты, как глаза, сердце, память, утилитарное, подразумевающее пригодность, полезность для определенной цели: (хороший план), гедонистическое (хороший вкус), благоприятствование (хороший поступок).

Ключевые слова: оценка, ценить, общая и частная оценка.

Қазіргі тіл ғылымында бағалауды топтастырудың түрлері көп, соның ішінде біршама тұрақталғаны:

1) Жалпылай алғанда – эмоционалды және рационалды

2) Бағалауға алынған нысандардың санына байланысты – абсолютті(жақсы/жаман) және салыстырмалы(өте жақсы/өте жаман)

3) Баға сипатына қарай – жағымды, жағымсыз және бейтарап.

Баға берудің субъектісі мен объектісінің бір-біріне қатынасы «жақсы/жаман» белгілерінің негізінде тілде қолданылатын аксиологиялық

мағыналардың негізгі екі түрі – жалпы бағалаушытық және жеке бағалаушытықты құрайтындығы қарастырылады. Бағалау ұғымында дескриптивті мағынаның болу, болмауына байланысты баға мен дескрипцияны байланыстыратын жеке бағалау мағынасын және «таза» бағаны білдіретін жалпы бағалау мағынасын ажырату бар. Лингвист ғалымдар Е.М.Вольф, З.К.Темірғазина баға берудің негізінде бағалаушы сөздерді жіктеуде Н.Д.Арутюнованың пікірін қолдайды.

Н.Д.Арутюнова бағалаушытық предикатты жалпы баға беру және жеке баға беру деп жік-

теп, жеке баға берудің жеті түрін көрсетіп оларды сенсорлық, сублимирлік және рационалдық деп үш топқа біріктіріп қарастырады.

Жалпы бағалаушылық мағына. Бағалау мағынасының модальдық спекторы (жиынтығы) бір ғана сегментке ықшамдалуы мүмкін емес. Сондықтан жалпы баға заттың әр түрлі белгілерінің жиынтығына беріледі. *Жақсы шай* дегенде шайдың жоғары сапасын, қоюлығын, ыстықтығын, тәттілігін т.б. түспалдап айтуға болады. Жалпы бағалау предикаттарының мазмұны бағаны айқындаудың құрылымымен түсіндіріледі. Болмыстың әрбір объектісі (зат, адам, оқиға т.б.) жалпы бағаны білдіруде есепке алынуды қажет ететін аксиологиялық белгілердің жиынтығына ие болады. Объектінің бұл белгілері өзара қарама-қайшылықта, қақтығыста болады. Объект бірде жағымды, бірде жағымсыз белгілерімен көрінеді.

Жалпы бағалау мағынасы әр түрлі объектілермен байланыса алады. Талдау материалдары көрсеткендей қазақ тілінде бағаланбайтын, бағасын алмайтын нәрсе жоқ деуге болады: адам, зат, құбылыс, оқиға, табиғат т.б. Жалпы бағалауға қатысты объектілердің тақырыптық қатарын үш топқа бөліп қарастырдық.

1. Адамға байланысты бағалаушылықтың тақырыптық қатары сан алуан. Бұл топты өз ішінен мынадай бөліктерге бөлуге болады:

- Адамның сезімін, көңіл-күйін білдіретін жалпы бағалаулар, мысалы: *Бала жүрегінде бұл шақта көп сезімнің алай – түлей құйыны соққандай. Бұнда қорлықпен өлгендерге барынша жан ашыған мейірбандық та бар. Өлтіргендерге ыза мен кек те бар* (М.Әуезов).

- Адамның жасын, өмірін бағалау, мысалы: *Ол жылдары қамшысынан қан сорғалаған дер кезі болса, қазір алтысқа таяп қалды. Тәубаға келер, зорлық-зомбылыққа ырық бермес кезі* (Ф.Мүсірепов).

- Адамның рухани мүдделерін жеке этикалық бағалаумен байланыстыра бағалайтын жалпы бағалаулар, мысалы: *Бірақ өз топшылауым бойынша, адамның қай мінезі қасиетті болса, сол мінезі міні де болады. Жақсылық – кісінің айнымас табандылығында деп білемін* (М.Әуезов).

- Адамдық қарым – қатынасты бағалаулар, мысалы: *Мұқаш қандай елден шыққан, құдайдан безген, содырлы болса да молданы сыйлайтын, молдаға сөйлеспей өзінен-өзі именіп, сырттан жүретін* (Ж. Аймауытов).

- Адамның іс – әрекетін, қызметін, кәсіби даярлығын т.б. бағалау, мысалы: *Профессор студенттерін бір лекциядан бір лекцияға қарай қызықтырып, ынталандыра жетелеп отырады* (Ә.Нұршайықов).

- Адамның рухани қызметінің жемісіне берілетін баға, мысалы: – *Ия, ақын екенсіз, нағыз ақынсыз, - деді ол басын изеп, тағы да жымия түсіп. «Қызыл көрпеңіз» жақсы өлең* (Ә.Нұршайықов).

2. Адамның практикалық қорытындысы, артефактілер (азық-түлік, түрлі киім-кешектерді ыңғайлылығына, қажеттілігіне, әдемілігіне қарай бағалау, тұрмыстық заттардың, үй бұйымдарының, баспананың сәніне, қолайлылығына, сапасына қарай сипаттайтын бағалаулар), мысалы: *Ашқылтым ақ қалаштар не деген дәмді! Ортасына ақ ірімшік салып пісірген дөңгелек нандар одан да артық* (Ф.Мүсірепов).

3. Жан-жануарларды, табиғат құбылыстарын бағалау, мысалы: *Күн көптен бері жылынбай қойды. Бүгін де сондай шытырлаған аяз. Сондай жел аралас аяз жайы: «үскірік аяз», «өкіріп тұрған аяз», «ақырған аяз», «қолқаңды қарып тұрған аяз» деп неше түрлі қатал түрде халық аузына алысады* (М.Әуезов).

Сонымен жалпы бағалау объектілерінің үш тақырыптық қатарға бөлінуі мүмкін екені сөзсіз. Егер бағалау бір аспекті тұрғысынан (жеке) сипатталатын болса, ол объектінің өзінің номинациясында атау болады. Ал жалпы бағалау объектіні әр қырынан бейнелеп, предикаттық қызмет, модальдық оператор қызметінде де көрінуі мүмкін.

Жалпы бағалау моральдық – этикалық норма (үлгілі жанұя), индивидтің талғамы, қызығушылығы (жақсы кітап), әлеуметтік стандарт (жақсы үй) және т.б. объективті, субъективті сипатты жете түсіндіруге мүмкіндік бере алады. Негізінде, жалпы бағалау жекеге қарағанда заттың бір ғана емес, бірнеше белгілерін қамтиды.

Жалпы бағалау жеке бағалауға қарағанда ұсыныс, мақұлдау, айыптау, тыйым салу сияқты иллюкутивті күштің айтылған сөзге жалғасуын айқын білдіреді.

Жалпы бағалауды білдіретін лексемалар баға сипатына, мөлшеріне, субъективті бағалау құралдарының болу//болмауына байланысты топтастырылады. Бұл мағыналардың құрылымында мынандай семантикалық элементтер болады: 1) жағымды//жағымсыз баға; 2) қалыптан төмен, қалыппен бірдей, қалыптан жоғары; 3) субъективті//объективті баға.

Жеке бағалаушытық мағына. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, жалпы бағалаушытық мағына субъектінің объектіге қатынасын «жақсы//жаман» белгісі тұрғысынан көрсететін болса, жеке бағалаушытық мағына дескрипция мен бағаны байланыстырады.

Жеке бағалаушы үшін ең негізгісі – бағалаушытың себебі. Ол тілдің әрі индивидуалды, әрі әлеуметтік стереотипінен шығады. Жеке бағалаушыта зат не сыртқы көрінісіне қарап, не моральды тұрғысына қарап, не пайдалы жағына қарап бағаланады. Жеке бағалаушытың жүзеге асуы оның лингвистикалық классификациясына тығыз байланысты. Фин ғалымы Г.Х.Вригт жеке бағалаушытың 6 түрін белгілесе, Н.Д.Арутюнова мен Т.В.Шмелева 7 түрін, Е.М.Емельяненко 8 түрін, Е.И.Диброво 5 түрін көрсетсе, Г.Ф.Гибатова 4 түріне тоқталады.

Логик – ғалым фон – Вригт жеке бағалаушытың мынадай 6 түрін көрсетеді:

1. Инструменталды баға/жақсы пышақ, жақсы жүрек/.
2. Техникалық /жақсы шофер, жақсы май/.
3. Медициналық /жақсы жүрек, жақсы қан/.
4. Утилитарлы (белгілі мақсат үшін пайдалылығы)/ жақсы жоспар, жақсы жаңалық/.
5. Гедонистикалық /жақсы тағам, жақсы дәм/.
6. Адам жақсылығы /жақсы қылық, жақсы іс/.

Лингвист – ғалым Е.И.Диброво жеке бағалаушы мағынаның төмендегідей түрлерін белгілейді:

1. Эмотивті баға
2. Этикалық баға
3. Интеллектуалды юаға
4. Нормативті баға
5. Квалификативті (сапалық/сандық) баға.

Баға берудің субъектісі мен объектісінің бір – біріне қатынасы арқылы жалпы бағалаушы пен жеке бағалаушы пайда болады. Лингвист – ғалымдар Е.М.Вольф пен З.К.Темиргазина баға берудің негізінде бағалаушы сөздерді классификациялауда Н.Д.Арутюнованың пікірін қолдайды. Н.Д.Арутюнова жеке бағалаушыты мынадай категорияларға бөледі:

I. Сенсорлық бағалаушы:

1. Сенсорлық баға беру немесе гедонистикалық /дәмді - дәмсіз/.
2. Психологиялық баға беру:

a. Интеллектуалды /білімді, қызықты/;

b. Эмоционалды /көңілді, қуанышты/.

II. Сублимирлік бағалаушы:

1. Эстетикалық баға беру, сенсорлық және психологиялық баға беруден пайда болған /әдемі, ұсқынсыз/.

2. Этикалық баға беру /мейірімді, қатігез/.

III. Рационалды бағалаушы:

1. Утилитарлы баға беру /пайдалы, зиянды/.

2. Нормативті баға беру /дұрыс, қате, теріс/.

3. Телеологиялық баға беру /сәтті, сәтсіз/.

Ғалым Г.Ф.Гибатова өзінің еңбегінде Н.Арутюнованың ойына қосылып, жеке бағалаушытың этикалық, эстетикалық, утилитарлы, гедонистикалық түрлеріне тоқталады. Бұл бағалаушытар адамның дүниеге деген сезімінен туады. Адамның эмоционалды, психологиялы, рационалды күйі аксиологиялық мазмұндағы дескриптивті сөздермен этикалық, эстетикалық бағалаушыты бере алады. Адамның психологиялық күйі нақты, эффективті түрде қолданылса, психологиялық, сенсорлық, рационалды бағалаушыты объективті факторларға сүйене отырып беруге болады. *Гедонистикалық* нақты дәмді білуден, *эстетикалық* көбінесе көзімен көріп сезінуден, *этикалық* адамның білімділігіне, адамгершілігіне байланысты бағаланады. *Утилитарлы* бағалаушы әр түрлі жағдайды шешу үшін не пайдалы, не пайдасыз екенін көрсету үшін қолданылады. *Медициналық* бағалаушы физикалық, ментальды құндылықты бағалаудан шығады. *Техникалық* баға іс – әрекеттің үш түріне байланысты пайда болады: 1) ойын түріндегі; 2) мамандыққа байланысты; 3)шығармашылыққа байланысты. Гедонистикалықты утилитарлықпен салыстыра отырып, олардың айырмашылығын ажыратып, Н.Д.Арутюнова былай дейді: «Гедонистически хорошее бесцельно, оно несет награду в себе самом. Утилитарное добро характеризуется целенаправленностью».

Жалпы бағалаушықа қарағанда жеке бағалаушытың объектісінің бағалайтын қасиеттері тар. Жалпы бағалаушыта бағаланатын объектінің жан-жақты жағымды, жағымсыз тұрғыдан саралап, субъекті баға бере алады. Ал жеке бағалаушыта объектіні дара, жеке қасиеттеріне қарап бағалайды.

Әдебиеттер

1 Бабушкина Ольга Николаевна. Оценочная категоризация профессиональной деятельности средствами фразеологии/ фил.ғыл.докторы ғылыми дәрежесін алу үшін. – Челябинск, 2010 .

2 Түсіпбекова Ғалия Аутқызы. Қазіргі қазақ тіліндегі бағалау мағынасы және оның құрылымдық жүйесі / Фил.ғыл. кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін. – Астана, 2007.

- 3 Сейітқасымова Б.Ж. Жеке бағалуыш мағына // ҚазМУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2003. – №4. – 141 б.
- 4 Вольф Е.М. Функциональная семантика оценки. – М, 1985.

References

- 1 Babushkina Ol'ga Nikolaevna. Otsenochnaya kategorizatsiya professional'noy deyatel'nosti sredstvami frazeologii/ fil.fyl. doktory ғылыми дәрежесін алу үшін. – Chelyabinsk, 2010 .
- 2 Түсіпбекова Фалия Аутқызы. Қазіргі қазақ тіліндегі баралау мағынасы және оның құрылымдық жүйесі / Fil.fyl. kandidaty ғылыми дәрежесін алу үшін. – Astana, 2007.
- 3 Seyitkasymova B.Zh. Zheke baraluysn maғыna // ҚазМУ habarshysy. Filologiya seriyasy. – 2003. – №4. – 141 б.
- 4 Vol'f E.M. Funktsional'naya semantika otsenki. – М., 1985.